

Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Күші жойылды – ҚР Президентінің 16.08.2017 № 532 Жарлығымен;

2) Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауды өткізу қағидалары мен мерзімі;

3) күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен;

4) Ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары;

5) Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары;

6) "Б" корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен, ауысу тәртібімен орналасу қағидалары бекітілсін.

7) күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 13.07.2016 № 298 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.08.2017 № 532; 05.05.2018 № 681; 13.11.2020 № 447 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Жарлықтарымен.

2. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 152 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік қызметшілердің ант беру ҚАҒИДАЛАРЫ

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 16.08.2017 № 532 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалауды өткізу ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМІ

1. Осы Мемлекеттік қызметшілердің қызметіне бағалау жүргізу қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік қызметшілердің қызметіне бағалау жүргізу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау олардың жұмысының тиімділігі мен сапасын айқындау мақсатында жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалаудың нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, оқыту, ротациялау, мемлекеттік лауазымын төмендету не қызметтен шығару бойынша шешімдер қабылдау үшін негіз болып табылады.

1-тарау. Мемлекеттік саяси қызметшілердің қызметін бағалау

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

4. Мемлекеттік саяси қызметшілердің қызметін бағалау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің айқындаған тәртіппен жүргізіледі.

2-тарау. "А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

5. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "А" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау олардың нақты лауазымдағы қызметінің нәтижелері бойынша жылдың қорытындысы бойынша (жылдық бағалау) бағаланатын жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірілмей өткізіледі.

Егер "А" корпусы қызметшісінің нақты лауазымда болу мерзімі үш айдан аз болса, оны бағалау өткізілмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

6. Әлеуметтік демалыстағы "А" корпусының қызметшілері уәкілетті орган бекіткен "А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесінде айқындалған тәртіппен "А" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалаудан өтеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 13.03.2023 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

7. "А" корпусы қызметшісінің қызметін бағалауды "А" корпусының қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды адам (орган) (бұдан әрі – уәкілетті адам) уәкілетті орган бекітетін "А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесінің негізінде жүргізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 13.06.2024 № 570 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

8. Алып тасталды – ҚР Президентінің 13.06.2024 № 570 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

9. "А" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалауды өткізуге дайындықты мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) жүзеге асырады.

10. "А" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалауды өткізуге дайындық осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мерзім басталғанға дейін он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және "А" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалауды өткізуге қажетті материалдарды дайындау мен "А" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалауды өткізу кестесін айқындауды қамтиды.

11. "А" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалауды өткізуге қажетті материалдарға:

1) мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының не қызметіне "А" корпусының қызметшісі жетекшілік ететін мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпарат;

2) бағаланатын кезеңде "А" корпусы қызметшісінің қызметін сипаттайтын мәліметтер жатады.

12. "А" корпусының қызметшілері бағалау өткізілгенге дейін мемлекеттік органға өзінің кәсіптік деңгейі мен жеке қасиеттеріне қатысты қосымша ақпарат бере алады.

13. Алып тасталды – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

14. "А" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау нәтижелерін тіркеу үшін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін нысандағы бағалау парағы пайдаланылады.

15. "А" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау нәтижелері мынадай мәндердегі шәкіл бойынша қойылады: "қанағаттанарлықсыз", "қанағаттанарлық", "тиімді".

16. Алып тасталды - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

17. "А" корпусының бағаланатын қызметшісі өз бағалауының нәтижелерін ақпараттық жүйеден, сондай-ақ "Е-қызмет" мобильдік қосымшасынан алады.

Жұмыстан шығарылған адамдарды бағалау нәтижелерімен таныстыру есепті кезеңнен кейінгі бір ай ішінде, тапсырыс хаттың табыс етілгендігі туралы хабарламасы бар тапсырыс хатты немесе телефонограмманы немесе жеделхатты немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша мәтіндік хабарды жолдау не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

18. Мемлекеттік орган бағалау аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға:

- 1) бағаланған "А" корпусы қызметшілерінің мынадай құжаттарының көшірмелерін:
"А" корпусы қызметшілерінің жыл сайынғы келісімдерін;
бағалау парақтарын;
"А" корпусы қызметшілерінің қызметі туралы пікірлерді;

2) себептерін көрсете отырып, бағалау жүргізілмеген "А" корпусының қызметшілері туралы ақпаратты жолдайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

19. "А" корпусы қызметшісінің қызметі туралы пікірге уәкілетті адам қол қояды.

20. Алып тасталды - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

21. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган "А" корпусының қызметшілерін жылдық бағалауға талдау жасауды жүзеге асырады және 1 наурыздан кешіктірмей оларды Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) жұмыс органына енгізеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

22. Бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, "А" корпусының қызметшісі өзінің қызметін бағалау нәтижелерімен танысқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті өтінішпен Ұлттық комиссияға жүгіне алады.

23. Ұлттық комиссияның жұмыс органы жылдық бағалау материалдарын Ұлттық комиссияның қарауына шығару туралы шешім қабылдайды.

24. Ұлттық комиссия жұмыс органы ұсынған материалдарды қарау және, қажет жағдайда, "А" корпусының қызметшісімен әңгімелесу өткізу қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

25. "А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің қанағаттанарлықсыз бағалануы уәкілетті комиссиямен келісім бойынша онымен еңбек шартын бұзуға негіз болып табылады.

3-тарау. "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

26. "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау олардың нақты лауазымдағы қызметінің нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен үлгілік әдістемеде айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

27. Алып тасталды – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

28. "Б" корпусының қызметшілерінің қызметін бағалауды өткізу жөніндегі жұмысты үйлестіруді персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) жүзеге асырады.

29. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау үшін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін нысандағы бағалау парағы пайдаланылады.

30. "Б" корпусы қызметшісінің қызметін бағалауды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен үлгілік әдістемеде айқындалатын адамдар жүргізеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

31. Алып тасталды - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

32. "Б" корпусы қызметшісінің қызметін бағалау нәтижелері бағалау парағында тіркеледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

33. "Б" корпусы қызметшісінің қызметін бағалау нәтижелері мынадай мәндері бар шәкіл бойынша қойылады:

- 1) "функционалдық міндеттерін тиімді атқарады";
- 2) "функционалдық міндеттерін тиісті түрде атқарады";
- 3) "функционалдық міндеттерін қанағаттанарлық түрде атқарады";
- 4) "функционалдық міндеттерін қанағаттанарлықсыз түрде атқарады" (қанағаттанарлықсыз баға).

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

34. Алып тасталды – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

35. Алып тасталды - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

36. "Б" корпусы қызметшісінің қатарынан екі тоқсан бойы қанағаттанарлықсыз баға алуы, ол біліктілік талаптарына сай келген және төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған жағдайда, оның мемлекеттік лауазымын төмендетуге әкеп соғады.

Төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болмаған кезде мемлекеттік қызметшіге басқа бос мемлекеттік лауазым ұсынылады.

Бос мемлекеттік лауазым болмаған немесе мемлекеттік қызметші ұсынылған мемлекеттік лауазымнан бас тартқан кезде мемлекеттік қызметші атқаратын мемлекеттік лауазымынан босатылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

37. Мемлекеттік қызметші өзінің қызметін бағалау нәтижелеріне мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен үлгілік әдістемеде айқындалған тәртіппен шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 152 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ҚАҒИДАЛАРЫ

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 152 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 19.06.2023 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Осы Ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік қызметшілерге ротация

жүргізу тәртібі мен мерзімдерін, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдарын айқындайды.

2. Егер Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің құқықтық негіздерін, сондай-ақ жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайтын заңда өзгеше көзделмесе, мүгедектігі бар адам, жүкті болып табылатын, он төрт жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған, мүгедектігі бар балалары, оның ішінде асырап алған балалары бар (қорғаншы болып табылатын) жалғызбасты ата-ана, көпбалалы ата-ана (қорғаншы) болып табылатын немесе асырауында мүгедектігі бар ата-анасы (ата-аналары) не Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген жастағы зейнеткер ата-анасы (ата-аналары) бар мемлекеттік қызметшілерді басқа елді мекенге көшуге байланысты ротацияға осы мемлекеттік қызметшілердің келісімімен ғана жол беріледі.

Көрсетілген мән-жайлар құжат түрінде расталуға тиіс.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 12.02.2025 № 779 (06.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

3. Осы Қағидалардың ережелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланатын мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

4. Мемлекеттік қызметшінің ротациясын мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілерін лауазымға тағайындауға және лауазымнан босатуға құқығы бар адам (орган) (бұдан әрі – уәкілетті адам) жүзеге асырады.

5. Егер Қазақстан Республикасының Президенті өзгеше шешім қабылдаса, мемлекеттік қызметшіні басқа мемлекеттік лауазымға ротациялаған, лауазымын төмендеткен немесе қызметтен шығарған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін ғана оны ротациясы жүзеге асырылған алдыңғы лауазымға, сондай-ақ ротациядан бас тартуына байланысты лауазымы төмендетілген немесе қызметтен шығарылған лауазымға тағайындауға жол беріледі.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі мемлекеттік саяси қызметшіге және "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісіне (бұдан әрі – "А" корпусының қызметшілері) қатысты тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысының ұсынуы бойынша қабылдануы мүмкін.

6. Басқа елді мекенге ротация кезінде мемлекеттік қызметшіге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жекешелендіру құқығынсыз қызметтік тұрғынжай беріледі.

Қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда, басқа елді мекенге ротацияланған мемлекеттік саяси қызметшілерге және "А" корпусының қызметшілеріне, осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік

қызметшілеріне (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) ротациялық төлемдер белгіленеді.

Ротация мерзімі басталған кезде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуіне екі және одан да аз жыл қалған мемлекеттік қызметші уәкілетті адамға берілген өтініші негізінде ротациядан босатылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 30.10.2024 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 12.02.2025 № 779 (ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

7. Ротация мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

1) мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, облыстарды, республикалық маңызы бар қалаларды, астананы, облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалаларды, облыстық маңызы бар қалаларды, облыстардың аудандары мен қалалардағы аудандарды дамыту;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасы;

3) мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әлеуетін және басқару тәжірибесін тиімді түрде пайдалану;

4) мемлекеттік қызметшілерді кәсіби тұрғыдан дамыту және олардың басқару құзыреттерін жетілдіру.

8. Ротация мынадай схемалардың біреуі бойынша жүргізіледі:

1) деңгейаралық ("орталық – өңір", "өңір – орталық");

2) өңіраралық ("өңір – өңір");

3) сектораралық ("орталық – орталық");

4) ішкі өңірлік (өңірдің шегінде).

2-тарау. Мемлекеттік саяси қызметшілерге және "А" корпусының қызметшілеріне ротация жүргізу тәртібі

9. Мемлекеттік саяси қызметшілер мен "А" корпусы қызметшілерінің ротациясы:

1) мемлекеттік саяси қызметшілерді (Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілерді және өкілеттік мерзімі Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында айқындалған мемлекеттік саяси қызметшілерді қоспағанда) бос немесе уақытша бос мемлекеттік саяси лауазымдарға;

2) "А" корпусының қызметшілерін "А" корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына;

3) мемлекеттік саяси қызметшілер (Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілерді және өкілеттік мерзімі Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында айқындалған

мемлекеттік саяси қызметшілерді қоспағанда) мен "А" корпусының қызметшілері арасында лауазымдық ауыстыру жолымен жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік саяси қызметшілер мен "А" корпусы қызметшілерінің ротациясы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі уәкілетті адамға (органға) не тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне:

1) осы Қағидалардың 14 және 16-тармақтарында көрсетілген ротация мерзімдері басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей, осы мемлекеттік органның ротацияға жататын мемлекеттік саяси қызметшілерінің және (немесе) "А" корпусы қызметшілерінің тізімін ;

2) өзге мемлекеттік органдардың ротация мерзімдері басталғанға дейін үш айдан аз уақыт қалған мемлекеттік саяси қызметшілерінің және (немесе) "А" корпусы қызметшілерінің тізімін енгізеді. Бұл тізімді мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органның персоналды басқару қызметіне жазбаша сұрау салу бойынша береді.

11. Мемлекеттік қызметшінің ротациясы жоспарланған мемлекеттік органның бірінші басшысы не мемлекеттік қызметшінің ротациясы жоспарланған тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген мемлекеттік саяси қызметшінің ротация мерзімі басталғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін немесе осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген "А" корпусы қызметшісінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне мемлекеттік саяси қызметшінің немесе "А" корпусы қызметшісінің ротациясы туралы ұсыныс енгізеді.

Егер мемлекеттік саяси лауазымға немесе "А" корпусының лауазымына ротация тәртібімен басқа мемлекеттік органдан мемлекеттік саяси қызметшіні немесе "А" корпусының қызметшісін тағайындау жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік қызметшіні тағайындау туралы ұсыныста ротацияны мемлекеттік қызметшінің ағымдағы жұмыс орны бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысымен келіскені туралы ақпарат көрсетіледі.

12. Ротация шеңберінде:

1) мемлекеттік саяси қызметшілерді тағайындау – осы Қағидалардың 14-тармағында белгіленген мемлекеттік саяси қызметшінің ротация мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде;

2) "А" корпусының қызметшілерін тағайындау – "А" корпусы қызметшісінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік саяси қызметшінің немесе "А" корпусы қызметшісінің ротациясы не өкілеттігін тоқтату туралы шешім болмаған жағдайда, олар тиісті шешім қабылданғанға дейін атқаратын лауазымдарында жұмысын жалғастыра береді.

14. Мемлекеттік саяси қызметшілердің ротациясы оны соңғы атқаратын лауазымына тағайындаған күннен бастап әрбір төрт жыл сайын жүргізіледі. Бұл ретте көрсетілген мерзім мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылғаннан, құрылым өзгергеннен не лауазымдар қайта аталғаннан кейін мемлекеттік саяси қызметшілер бұрын атқарған лауазымдарына тең дәрежелі лауазымдарға қайта тағайындалған кезде қайта жаңартылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ротация жүргізу мерзіміне мемлекеттік саяси қызметшінің әлеуметтік демалысқа шығуына немесе еңбекке уақытша жарамсыз болуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, шет елдердегі мекемелеріне және өзге де ұйымдарға іссапарға жіберілуіне байланысты қатарынан екі айдан астам уақыт жұмыста болмаған кезеңі қосылмайды.

Уәкілетті адамның (органның) шешімі бойынша мемлекеттік саяси қызметшінің атқаратын лауазымында болу мерзімі екі жылға ұзартылуы мүмкін. Осы мемлекеттік саяси қызметшінің атқаратын лауазымында болу мерзімін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) шешімімен одан әрі екі жылға ұзартуға жол беріледі. Бұл ретте мемлекеттік саяси қызметшінің атқаратын лауазымында болуының барынша жол берілетін мерзімі сегіз жылдан аспауға тиіс.

15. "А" корпусы қызметшілерінің ротациясы олар "А" корпусының лауазымдарына қойылатын арнаулы біліктілік талаптарына сай болған жағдайда жүргізіледі.

16. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Президентінің актілерінде өзгеше мерзім белгіленбесе, "А" корпусы қызметшісінің өкілеттік мерзімі төрт жылды құрайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ротация жүргізу мерзіміне "А" корпусы қызметшісінің әлеуметтік демалысқа шығуына немесе еңбекке уақытша жарамсыз болуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, шет елдердегі мекемелеріне және өзге де ұйымдарға іссапарға жіберілуіне байланысты қатарынан екі айдан астам уақыт жұмыста болмаған кезеңі қосылмайды.

Уәкілетті адамның (органның) шешімі бойынша "А" корпусы қызметшісінің атқаратын лауазымында болу мерзімі екі жылға ұзартылуы мүмкін. Осы "А" корпусы қызметшісінің атқаратын лауазымында болу мерзімін Ұлттық комиссияның шешімімен одан әрі екі жылға ұзартуға жол беріледі. Бұл ретте "А" корпусы қызметшісінің атқаратын лауазымында болуының барынша жол берілетін мерзімі сегіз жылдан аспауға тиіс.

3-тарау. "Б" корпусының қызметшілеріне ротация жүргізу тәртібі

17. Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының, сонымен қатар өзге мемлекеттік органдардың В-1, В-2, С-1, С-2, С-О-1, С-О-2, D-О-1, D-О-2 және Е-1 санаттарындағы "Б" корпусы қызметшілерінің ротациясы:

1) осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген "Б" корпусының қызметшілері арасында лауазымдық ауыстыру жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 30.10.2024 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

18. Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген "Б" корпусы қызметшілерінің ротациясы олардың соңғы атқаратын лауазымына тағайындалған күнінен бастап әрбір төрт жыл сайын жүргізіледі. Бұл ретте көрсетілген мерзім мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылғаннан, құрылымы не лауазымдардың атауы өзгергеннен кейін "Б" корпусының қызметшілері бұрын атқарған лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес келетін, бұрын атқарған лауазымдарына тең дәрежедегі лауазымдарға қайта тағайындалған кезде қайта басталмайды.

Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген "Б" корпусының қызметшісі бұрын атқарған және бұл лауазымнан өз еркімен не өзге лауазымға тағайындалуына байланысты босатылған лауазымға бір жыл ішінде тағайындалған жағдайда ротациялау мерзімі бұрын атқарған кезеңмен қоса есептеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ротацияны жүргізу мерзіміне "Б" корпусы қызметшісінің әлеуметтік демалысқа шығуына немесе еңбекке уақытша жарамсыз болуына байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, шет елдердегі мекемелеріне және өзге де ұйымдарға іссапарға жіберілуіне байланысты қатарынан екі айдан астам уақыт жұмыста болмаған кезеңі қосылмайды.

"Б" корпусының қызметшісі ротациядан жазбаша бас тартқан жағдайда оның осы лауазымда болу мерзімі уәкілетті адамның актісімен екі жылға ұзартылуы мүмкін не "Б" корпусының қызметшісі атқаратын лауазымынан босатылады не ол келіскен жағдайда және бос орын болған жағдайда лауазымы төмендетіледі. "Б" корпусының осы қызметшісінің атқаратын лауазымында болу мерзімін одан әрі:

1) В-1, С-1, С-О-1 және D-О-1 санаттарындағы қызметшілерге қатысты – Ұлттық комиссияның;

2) А санаттарының тобына және Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының В санаттарының тобына, содай-ақ Қазақстан Республикасы Құрылтайы Аппаратының В-1 және В-2 санаттарына қатысты – уәкілетті адамның;

3) В-2, С-2, С-О-2, D-О-2 және Е-1 санаттарындағы қызметшілерге қатысты мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның шешімімен екі жылға ұзартуға жол беріледі.

"Б" корпусы қызметшісінің, оның ішінде осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген лауазымдарды басқа мемлекеттік органдардан іссапарға келу тәртібімен атқаратын қызметшілердің атқаратын лауазымында болуының барынша жол берілетін мерзімі сегіз жылдан аспауға тиіс.

Мемлекеттік лауазымын төмендету конкурстық рәсімдер өткізілместен жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 30.10.2024 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

19. Персоналды басқару қызметі немесе персоналды басқарудың бірыңғай кадр қызметі ротация мерзімі басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей ротацияға жататын "Б" корпусы қызметшілерінің тізімін қалыптастырады және оны уәкілетті адамның қарауына енгізеді.

20. Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген "Б" корпусы қызметшілерінің ротациясы уәкілетті адамның актісімен жүргізіледі.

Бұл ретте "Б" корпусының В-2, С-2, С-О-2, D-О-2 және Е-1 санаттарындағы қызметшілердің ротациясы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жүргізіледі.

"Б" корпусының қызметшісі белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмеген, осы Қағидалардың талаптары сақталмаған жағдайда, сондай-ақ ротацияға жататын "Б" корпусының қызметшісі соңғы жыл ішінде ротация ұсынылған жердегі мемлекеттік органның басшысы болып табылатын адамның тікелей басшылығымен жұмыс істеген жағдайда, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келісуден бас тартады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 30.10.2024 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

21. Кемінде соңғы төрт жыл бойы осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес мемлекеттік лауазымдарды атқаратын (осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланатын мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда), оның ішінде әртүрлі мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін "Б" корпусы қызметшілерінің арасында осы "Б" корпусы қызметшілерінің және уәкілетті адамдардың өзара келісімі болғанда уәкілетті адамдардың актілерімен ротация жүргізуге жол беріледі. Бұл ретте тиісті бағыттар бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау және "Б" корпусы қызметшісінің қызметін бағалау нәтижелері ескеріледі.

22. Ротация шеңберінде "Б" корпусының қызметшілерін тағайындау осы Қағидалардың 18-тармағында белгіленген "Б" корпусы қызметшілерінің ротация мерзімі басталғаннан кейін жүзеге асырылады.

Бұл ретте уәкілетті адам "Б" корпусының қызметшісін алдағы ротация туралы күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді. Осы мерзім өткеннен кейін уәкілетті адамның ротацияға жататын "Б" корпусының қызметшісін лауазымға тағайындау туралы тиісті актісі шығарылады.

Егер "Б" корпусының қызметшісі ротация тәртібімен үміттеніп отырған лауазым ротация жүргізу кезінде бос болмаса, онда "Б" корпусының қызметшісі көрсетілген лауазым босағанға дейін атқарып отырған лауазымында жұмысын жалғастыра береді.

4-тарау. Өтпелі ережелер

Ескерту. 4-тараумен толықтырылды – ҚР Президентінің 30.10.2024 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

23. Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген "Б" корпусының қызметшілері 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша атқарып отырған лауазымда төрт жылдан алты жылға дейінгі мерзімде болған жағдайда ротацияға жатады. Қызметші бас тартқан жағдайда оның лауазымда болу мерзімі уәкілетті адамның шешімімен оның атқаратын лауазымында болуының алты жылынан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін не қызметші лауазымынан босатылады не ол келіскен және бос орын болған жағдайда лауазымы төмендетіледі.

24. Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген "Б" корпусының қызметшілері 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша атқарып отырған лауазымда алты жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімде болған жағдайда ротацияға жатады. Қызметші бас тартқан жағдайда осы Қағидалардың 18-тармағымен бекітілген тәртіппен оның лауазымда болу мерзімі сегіз жылдан аспайтын мерзімге дейін ұзартылуы мүмкін не қызметші лауазымынан босатылады не ол келіскен және бос орын болған жағдайда лауазымы төмендетіледі.

25. Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген "Б" корпусының қызметшілері 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша атқарып отырған лауазымда сегіз және одан астам жыл мерзімде болған жағдайда ротацияға жатады. Қызметші бас тартқан жағдайда лауазымынан босатылады не ол келіскен және бос орын болған жағдайда лауазымы төмендетіледі.

26. Осы Қағидалардың 23, 24, 25-тармақтарында көрсетілген жағдайларда "Б" корпусының қызметшілері осы Қағидалар қолданысқа енгізілген кезден бастап үш ай ішінде ротациялануға жатады.

Бұл ретте осы Қағидалар қолданысқа енгенге дейін қабылданған ротация туралы шешімдер қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өз күшін сақтайды.

Ротация жүргізу қағидалары мен

мерзімдеріне, ротацияға
жататын мемлекеттік
қызметшілердің санаттары
мен лауазымдарына
ҚОСЫМША

Мемлекеттік қызметшілердің өзара келісімі бойынша олардың арасында ротация жүргізуге жол берілетін "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 30.10.2024 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Санат	Лауазым
В санаттарының тобы	
В-3	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің басқарма (қызмет) басшысы
В-4	Сектор меңгерушісі
С санаттарының тобы	
С-3	Басқарма басшысы
	Басқарма басшысының орынбасары
	Консул – консулдың басшысы
С-О-3	Басқарма басшысы
	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі аумақтық органының басқарма басшысы
	Кеден бекетінің басшысы
	Аумақтық бөлімнің басшысы – аға сот орындаушысы
С-О-4	Бөлім басшысы
	Кеден бекеті басшысының орынбасары
С-R-1	Аудандық аумақтық басқарманың басшысы
	Аудандық және оған теңестірілген сот әкімшісінің басшысы
С-R-2	Аудандық аумақтық басқарма басшысының орынбасары
	Аудандық және оған теңестірілген сот әкімшісі басшысының орынбасары
С-R-3	Аудандық аумақтық басқарманың бөлім басшысы
D санаттарының тобы	
D-1	Мәслихат аппаратының басшысы

D-2	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының аппарат басшысы
	Әкім аппараты басшысының орынбасары
	Мәслихат аппараты басшысының орынбасары
D-3	Құрылымдық бөлімшенің басшысы
D-O-3	Бөлім басшысы
D-R-1	Бөлім басшысы
D-R-2	Бөлім басшысының орынбасары
D-R-3	Сектор меңгерушісі
Е санаттарының тобы	
E-2	Аппарат басшысы
E-3	Құрылымдық бөлімшенің басшысы
E-R-1	Бөлім басшысы
E-R-2	Бөлім басшысының орынбасары
E-R-3	Сектор меңгерушісі
E-G-1	Әкімнің орынбасары
E-G-2	Құрылымдық бөлімшенің басшысы

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 152 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Осы Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 44-бабының 10-тармағына және 60-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1-бөлім. Мемлекеттік саяси қызметшілердің тәртіптік жауаптылығы

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Мемлекеттік саяси қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы түрде, кінәлі түрде орындамауы немесе тиісінше орындамауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Президентінің

тапсырмалары негізінде және (немесе) тапсырмаларын орындау мақсатындағы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшылығының тапсырмаларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, қызметтік тәртіп пен қызметтік әдепті бұзуы, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтамағаны (бұдан әрі – тәртіптік теріс қылық) үшін мемлекеттік саяси қызметшіге тәртіптік жаза қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 21.11.2024 № 709 Жарлығымен.

2-тарау. Тәртіптік жазалар қолдану тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

3. Мемлекеттік саяси қызметшіге тәртіптік жазаны жоғары тұрған лауазымды адам (орган) немесе тәртіптік жауаптылыққа тартылатын қызметшіні лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы бар адам (бұдан әрі – уәкілетті адам) қолданады.

3-1. Мемлекеттік саяси қызметші алдыңғы мемлекеттік лауазымда тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

Егер алдыңғы мемлекеттік лауазым мемлекеттік саяси лауазым болып табылса, онда осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тәртіптік жауаптылық мәселесін қарауды мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылық жасаған кезде лауазымды атқарған мемлекеттік орган осы Қағидалардың мемлекеттік саяси қызметшілерге қатысты тиісті ережелерін қолдана отырып жүзеге асырады.

Егер алдыңғы мемлекеттік лауазым мемлекеттік әкімшілік лауазым болып табылса, онда осы Қағидалардың 21, 24 және 25-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тәртіптік жауаптылық мәселесін қарауды мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылық жасаған кезде лауазымды атқарған мемлекеттік орган осы Қағидалардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қатысты тиісті ережелерін қолдана отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

3-2. Осы Қағидалардың 3-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік саяси қызметшіге тәртіптік жазаны осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген уәкілетті адам соңғы атқаратын лауазымы бойынша тәртіптік жаза қолдану мерзімдері шегінде қолданады.

Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

4. Тәртіптік жаза:

1) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілерге — олардың өз бастамасымен немесе осы қызметшілердің тікелей басшыларының, Қазақстан Республикасы Президенті уәкілеттік берген өзге лауазымды адамдардың немесе мемлекеттік органдардың ұсынысы бойынша қолданылады;

2) Әкімшілік басшысы тағайындаған Президент Әкімшілігінің мемлекеттік саяси қызметшілерге қызметшілеріне – Әкімшілік Басшысы өз бастамасымен немесе Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының немесе мемлекеттік саяси қызметшілердің қызметіне жетекшілік ететін лауазымды адамдардың ұсыныстары бойынша қолданады;

3) Үкімет Аппараты мен орталық атқарушы органдардың мемлекеттік саяси қызметшілеріне – Үкімет немесе Премьер-Министр өз бастамасымен не тиісінше Үкімет Аппаратының Басшысы, Үкімет мүшелерінің ұсыныстары бойынша қолданады;

4) Құрылтай Аппаратының мемлекеттік саяси қызметшілеріне – Құрылтай бюросы Құрылтай Төрағасының ұсыныстары бойынша қолданады;

5) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік саяси қызметшілеріне – осы атқарушы органдардың жоғары тұрған басшылары қолданады;

6) өзге мемлекеттік саяси қызметшілерге – өз бастамасымен немесе осы қызметшілердің тікелей басшыларының ұсыныстары бойынша мемлекеттік органдардың басшылары қолданады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

5. Тәртіптік жаза қолданылғанға дейін қызметтік тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін.

6. Кінәліден теріс қылық жасағаны туралы жазбаша түсініктеме талап етілуге тиіс.

7. Кінәлінің түсініктеме беруден бас тартуы тәртіптік жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды.

Жаза қолданылған мемлекеттік саяси қызметшіні тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қолданылған тәртіптік жаза туралы қолын қойдырып хабардар етеді.

Тәртіптік жаза қолдану туралы актімен жаза қолданылған мемлекеттік саяси қызметшіні таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) оған актінің көшірмесін хабарламалы хатпен жолдайды.

Жаза қолданылған мемлекеттік саяси қызметші тәртіптік жаза қолдану туралы актімен танысудан бас тартқан жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) оны жазбаша нысанда тіркейді.

8. Тәртіптік жаза мемлекеттік саяси қызметшіге тиісті мемлекеттік органның отырысында, оның алқа отырысында немесе осы жазаны қолданған лауазымды адам айқындаған қызметшілердің қатысуымен жариялануы мүмкін.

9. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің бірінші орынбасарларын және орынбасарларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер және олардың орынбасарлары жол берген қызметтік әдеп нормаларының бұзылуын, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия) қарауы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия қызметтік тергеп-тексеру жүргізу туралы ұсынымдар, сондай-ақ лауазымды адамдардың атқаратын лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жауаптылығы туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары үшін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің бірінші орынбасарларының, орынбасарларының және аппараттары басшыларының, облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалар, облыстық маңызы бар қалалар, облыстардың аудандары және қалалардағы аудандар әкімдерінің тәртіптік жауаптылығын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның Әдеп жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – Әдеп жөніндегі комиссия) қарайды, ол қызметтік тергеп-тексеру жүргізу туралы ұсынымдар, сондай-ақ лауазымды адамдардың атқаратын лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жауаптылығы туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Әдеп жөніндегі комиссия туралы ережені мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

10. Тәртіптік жазаны қолдану туралы шешімге шағымдану оның орындалуын тоқтата тұра алмайды.

11. Тәртіптік жаза мынадай актілер шығару арқылы қолданылады:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы немесе өкімі;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;
- 3) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың және өзге уәкілетті лауазымды адамдардың бұйрықтары немесе заңдарда көзделген өзге актілер.

12. Тәртіптік жаза қолдану туралы актіде жаза қолданылып отырған теріс қылық, жазаның түрі және ол қолданылатын адам көрсетіледі.

13. Тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтер мен актілерді мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) мемлекеттік саяси қызметшінің қызметтік тізіміне енгізу арқылы есепке алуға тиіс.

Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берген мемлекеттік саяси қызметшілерге мемлекеттік орган басшысы қолданған жазалар туралы мәліметтерді құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) міндетті түрде табыс етуге тиіс.

14. Егер жаза қолданылған күннен бастап алты ай ішінде мемлекеттік саяси қызметшіге жаңа жаза қолданылмаса, онда оның тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі.

Мемлекеттік саяси қызметшінің лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жазаның алынуы оның бұрын атқарған лауазымына қайта орналасуына алып келмейді.

15. Мемлекеттік саяси қызметшіге бірнеше жаза қолданылған жағдайда, мерзімі бойынша соңғы жаза қолданылған күннен бастап ол алты ай өткенге дейін жазалы болып есептеледі.

16. Егер мемлекеттік саяси қызметші жаңа теріс қылық жасамаса және бұл ретте өзін адал жұмыскер ретінде көрсетсе, тәртіптік жаза алты айлық мерзім өткенге дейін алынуы мүмкін.

Мемлекеттік саяси қызметшілерге Қазақстан Республикасы Президентінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшылығының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жаза қолданылған кезде оны мерзімінен бұрын алу тиісінше Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тиісті лауазымды адамдарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен келісу бойынша жүргізіледі.

Жаза қолданылған мемлекеттік саяси қызметшінің тікелей басшысы тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алуға келісім беру жөніндегі өтінішхатты тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жолдайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

17. Мемлекеттік саяси қызметші мемлекеттік саяси лауазымда атқаратын өкілеттіктерін тоқтатқан күнге дейін алынбаған тәртіптік жаза осы өкілеттіктер тоқтатылған күннен бастап алынған болып есептеледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

18. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауды:

1) оны қолданған лауазымды адам немесе жоғары тұрған лауазымды адам жүргізеді ;

2) ол тиісті актімен жүргізіледі, бұл туралы қызметшіге тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) жариялайды.

19. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау үшін жаза қолданылған қызметшінің тікелей басшысы уәкілетті адамға тиісті өтінішхат жолдайды.

20. Егер Қазақстан Республикасының Президенті өзгеше шешім қабылдаса, егер жаза Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымымен қолданылған болса, тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау оның келісімімен ғана жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 14.01.2020 № 239 Жарлығымен.

2-бөлім. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік жауаптылығы

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

21. Қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған орталық атқарушы органдар комитеттері төрағаларын қоспағанда, "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығын Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) не оның тапсырмасы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кадр комиссиясы (бұдан әрі – Өңірлік кадрлық комиссия) қарайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

22. Алып тасталды - ҚР Президентінің 14.01.2020 № 239 Жарлығымен.

23. Қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарау, "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің тәртіптік теріс қылығына қатысты фактілерді зерттеу және осы Қағидаларда көзделген тиісті ұсынымдарды шығару үшін мемлекеттік органда тәртіптік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

24. Қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған орталық атқарушы органдар комитеттері төрағаларының және В-1, В-2, С-1, С-2, сондай-ақ мемлекеттік қызмет істері жөніндегі

уәкілетті органның С-О-1, С-О-2 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің және орталық мемлекеттік органдарда дербес лауазымдағы әдеп жөніндегі уәкілдердің тәртіптік жауаптылығын Әдеп жөніндегі комиссия қарайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

25. Қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған С-О-1, С-О-2, С-Р-1, С-Р-2, D-1, D-2, D-О-1, D-О-2, D-Р-1, D-Р-2, E-1, E-2, E-Р-1, E-Р-2 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің, сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің аппараттарында дербес лауазымдағы әдеп жөніндегі уәкілдердің тәртіптік жауаптылығын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері (бұдан әрі – Әдеп жөніндегі кеңес) қарайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

25-1. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне Президент бастамашылық еткен тәртіптік жаза, Ұлттық комиссияның келісімінсіз қолданылады.

Ескерту. Қағида 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

26. Бір тәртіптік іс жүргізудің шеңберінде әртүрлі санаттағы бірнеше мемлекеттік әкімшілік қызметшінің теріс қылықтарын қарау қажет болған жағдайларда, тәртіптік жауаптылықты қызметшінің тәртіптік теріс қылықтарын қарау құқығы, неғұрлым жоғары мәртебесі (санаты) бар орган немесе лауазымды адам қарайды.

26-1. Мемлекеттік әкімшілік қызметші алдыңғы мемлекеттік лауазымда тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

Егер алдыңғы мемлекеттік лауазым мемлекеттік саяси лауазым болып табылса, онда осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тәртіптік жауаптылық мәселесін қарауды мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылық жасаған кезде лауазымды атқарған мемлекеттік орган осы Қағидалардың мемлекеттік саяси қызметшілерге қатысты тиісті ережелерін қолдана отырып жүзеге асырады.

Егер алдыңғы мемлекеттік лауазым мемлекеттік әкімшілік лауазым болып табылса, онда осы Қағидалардың 21, 24 және 25-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тәртіптік жауаптылық мәселесін қарауды мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылық жасаған кезде лауазымды атқарған мемлекеттік орган осы Қағидалардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қатысты тиісті ережелерін қолдана отырып жүзеге асырады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің уәкілетті адамы:

1) қызметтік тергеп-тексеруді тоқтата тұру және қайта бастау үшін негіз болып табылатын материалдар мен мәліметтерді уақтылы береді;

2) мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауаптылығы мәселесін жан-жақты және объективті қарау үшін өзге де жәрдем көрсетеді.

Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

27. Тәртіптік теріс қылықтар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) елеусіз;

2) елеулі;

3) өрескел.

Тәртіптік жазасы жоқ мемлекеттік әкімшілік қызметші жасаған немесе бұрын қолданылған жаза алып тасталғаннан кейін жасаған теріс қылық елеусіз теріс қылық болып табылады, ол үшін қызметшіге ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылады.

Алып тасталмаған ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түрінде қолданылған жаза болған кезде мемлекеттік әкімшілік қызметші жасаған теріс қылық елеулі теріс қылық болып табылады, ол үшін қызметшіге қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түріндегі жаза қолданылады. Бұл ретте, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес негіздер бойынша қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза көзделген тәртіптік теріс қылықтарға жол берілген жағдайларда, қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза алынбаған тәртіптік жазаның болуына қарамастан қолданылады.

Жасағаны үшін қолданыстағы еңбек заңнамасына, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес негіздер бойынша қызметтен шығару көзделген теріс қылық не мемлекеттік әкімшілік қызметші лауазымын төмендету немесе қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі алынбаған жазасы бола тұра жасалған теріс қылық өрескел теріс қылық болып табылады, ол үшін атқаратын лауазымынан босату түріндегі жаза қолданылады.

28. Алып тасталды – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2-тарау. Тәртіптік жазаларды қолдану негіздері мен жағдайлары

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

29. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік теріс қылық жасауы тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болып табылады.

30. Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін мемлекеттік әкімшілік қызметшіге уәкілетті адам Заңда көзделген тәртіптік жазаларды қолдануы мүмкін.

31. Тәртіптік жаза жасалған тәртіптік теріс қылықтың ауырлығына, оны жасаған адамның кінәсінің дәрежесіне сәйкес келуге тиіс.

32. Тәртіптік жазаның түрін айқындау және оны қолдану кезінде Заңның 44-бабының 5, 6 және 7-тармақтарында көзделген талаптар, сондай-ақ:

- 1) теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;
- 2) теріс қылық жасалған кездегі мән-жай (орны, уақыты, әдісі және оны жасаудың өзге де мән-жайлары), мемлекеттік әкімшілік қызметшінің кінәсі;
- 3) жасалған теріс қылық әкеп соққан немесе әкелуі мүмкін келеңсіз зардаптар;
- 4) оны жасаған адамның бұрынғы мінез-құлқы;
- 5) тиісті қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі;
- 6) мемлекеттік әкімшілік қызметшінің жеке басын сипаттайтын өзге де мән-жайлар жинақтала есепке алынады.

Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

33. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адамдар мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік теріс қылығы туралы мәліметтер негізінде одан жазбаша түсініктемені талап етеді, ол оны талап етілген күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметші жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда, персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) жұмыскерлері не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адамдар тиісті акт жасайды.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы қызметтік тергеп-тексеру жүргізуге кедергі бола алмайды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

34. Мемлекеттік әкімшілік қызметші болмашы тәртіптік теріс қылық жасаған жағдайда, ол егер жазбаша түсініктемесінде өзінің осы теріс қылықты жасау фактісімен келіссе, онда уәкілетті адамның қызметтік тергеп-тексеру жүргізбей ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түрінде жаза қолдануға құқығы бар.

Егер осы Қағидалардың 21, 24 және 25-тармақтарында көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілер жазбаша түсініктемелерінде өздерінің теріс қылықты жасау фактісімен келіссе, осы қызметшілерге қатысты, құзыретіне сәйкес Ұлттық комиссияға, Әдеп жөніндегі комиссияға немесе Әдеп жөніндегі кеңеске берілген материалдар бойынша қызметтік тергеп-тексерулер тағайындалмауы мүмкін.

Бұл жағдайда Ұлттық комиссияның төрағасы, Әдеп жөніндегі комиссияның не Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қатысты материалдарды қызметшілерге тәртіптік жазалар қолдану үшін мемлекеттік органға жолдайды.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

35. Егер мемлекеттік әкімшілік қызметші өзінің жазбаша түсініктемесінде теріс қылық жасау фактісімен келіспесе, онда осы Қағидаларда айқындалған тәртіпке сәйкес қызметтік тергеп-тексеру жүргізілуге тиіс.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

36. Алып тасталды – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

37. Жасағаны үшін лауазымын төмендету, қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту және атқаратын лауазымынан босату түрінде тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін тәртіптік теріс қылықтар бойынша қызметтік тергеп-тексеру жүргізу және Комиссияның ұсынымдарының болуы міндетті.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

38. Егер тәртіптік теріс қылықты мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш рет қабылданған адам жасаса, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адам осы адамға бекітілген тәлімгерден теріс қылықтың жасалу фактісі бойынша жазбаша түсініктеме талап етеді, ол қызметтік тергеп-тексеру материалдарына қоса тіркеледі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

39. Уәкілетті адам Ұлттық комиссияның, Әдеп жөніндегі комиссияның, Өңірлік кадр комиссиясының немесе Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдары мен материалдарын қараған кезде қызметтік тергеп-тексерулер жүргізілмейді.

Уәкілетті адам Ұлттық комиссияның, Әдеп жөніндегі комиссияның, Өңірлік кадр комиссиясының немесе Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымына сәйкес он жұмыс күні ішінде тәртіптік жаза қолдану жөнінде шешім қабылдайды.

Қабылданған шешім туралы Ұлттық комиссияға, Әдеп жөніндегі комиссияға, Өңірлік кадр комиссиясына немесе Әдеп жөніндегі кеңеске үш жұмыс күні ішінде хабарланады.

40. Бірнеше мемлекеттік қызметші бірлесіп тәртіптік теріс қылық жасаған кезде тәртіптік жаза әрбір қызметшіге жеке қолданылады.

41. Жасалған тәртіптік теріс қылық үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылады.

42. Мемлекеттік әкімшілік қызметшіге тәртіптік жаза қолдану, егер оның іс-әрекетінде басқа жауаптылық түрлері байқалса, оны Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жауаптылық түрлерінен босатпайды.

3-тарау. Қызметтік тергеп-тексеру жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

43. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік теріс қылығының жасалу мән-жайын толық, жан-жақты және объективті түрде анықтау мақсатында ол туралы материалдарды және мәліметтерді жинау мен тексеру жөніндегі қызмет қызметтік тергеп-тексеру болып табылады.

44. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік теріс қылық жасағаны туралы мәліметтер: жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары, құқық қорғау органдары мен өзге мемлекеттік органдардың материалдары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, тәртіптік теріс қылық жасаған адам жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметтік жазбахаттары не ұсынулары және өзге де материалдар қызметтік тергеп-тексеруді тағайындауға негіз болып табылады.

Материалдар жазбаша, сол сияқты өзге нысанда тіркелген мәліметтерді, оның ішінде бейнематериалдарды қамтуы мүмкін.

45. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтары бойынша қызметтік тергеп-тексерулер мемлекеттік әкімшілік қызметшіні лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы бар лауазымды адамға (бұдан әрі – уәкілетті адам) жасалған теріс қылық туралы мәлімет келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті адамның актісімен тағайындалады.

Сайланбалы орган тағайындайтын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтары бойынша қызметтік тергеп-тексерулер осы сайланбалы орган хатшысының шешімімен тағайындалады.

Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі үшін уәкілетті адам ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі болып табылады.

45-1. Осы Қағидалардың 49, 50, 51 және 52-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Қағидалардың 26-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік теріс қылығы бойынша қызметтік тергеп-тексеру мемлекеттік қызметші теріс қылық жасаған кезде лауазымды атқарған мемлекеттік органның уәкілетті адамының актісімен тағайындалады.

Қызметтік тергеп-тексеруді тағайындау және осы Қағидалардың 26-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік теріс

қылықтары жөніндегі мәліметтер туралы қызметтік тергеп-тексеру тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік әкімшілік қызметші лауазымды атқаратын мемлекеттік органның уәкілетті адамына хабарланады.

Қызметтік тергеп-тексеру материалдарын мемлекеттік қызметші теріс қылық жасаған кезде мемлекеттік әкімшілік лауазымды атқарған мемлекеттік органның Комиссиясы қарайды және тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыным шығарылған жағдайда мемлекеттік қызметші теріс қылық жасаған кезде лауазымды атқарған мемлекеттік органның уәкілетті адамы тиісті материалдарды бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметшінің соңғы жұмыс орны бойынша жібереді.

Ескерту. 45-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

46. Осы Қағидалардың 21, 24, 25-тармақтарында көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің уәкілетті адамға белгілі болған тәртіптік теріс қылықтары туралы мәліметтер үш жұмыс күні ішінде құзыретіне сәйкес Ұлттық комиссияға, Әдеп жөніндегі комиссияға немесе Әдеп жөніндегі кеңеске әрі қарай жолдануға жатады.

47. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адамдар қызметтік тергеп-тексеруді жүргізу туралы акті шығарылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қызметтік тергеп-тексеруді жүргізеді. Бұл ретте, мүдделер қақтығысы болған не олардың тәртіптік жауаптылығы бір тәртіптік іс жүргізу шеңберінде қаралған жағдайларды және осы Қағидалардың 48-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тікелей басшысы қызметтік тергеп-тексеруге тартылады.

Қажет болған жағдайда қызметтік тергеп-тексеруді жүргізуге өзге мемлекеттік қызметшілер тартылуы мүмкін, сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеруді жүргізу персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) қызметкерін тарта отырып, басқа құрылымдық бөлімшелердің жұмыскерлеріне жүктелуі мүмкін.

48. Өңірлік кадр комиссиясының, Әдеп жөніндегі комиссияның, Әдеп жөніндегі кеңестің және Комиссияның құрамына кіретін адамдар қызметтік тергеп-тексеру жүргізуге тартылмайды.

49. Осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтары бойынша қызметтік тергеп-тексерулер Ұлттық комиссия төрағасының шешімімен тағайындалады.

Ұлттық комиссияның төрағасы қызметтік тергеп-тексеруді жүргізетін адамдардың құрамына Ұлттық комиссияның жұмыс органының не мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның өкілін енгізе отырып, қызметтік тергеп-тексеру жүргізуді олардың құзыреттеріне сәйкес тиісті мемлекеттік органға не лауазымды адамға тапсыруы мүмкін.

50. Өңірлік кадр комиссиясының төрағасы осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің теріс қылықтары бойынша қызметтік тергеп-тексеру жүргізу туралы шешімді Ұлттық комиссияның тапсыруы бойынша қабылдайды.

Бұл жағдайда Өңірлік кадр комиссиясының төрағасы қызметтік тергеп-тексеруді жүргізетін адамдардың құрамына Өңірлік кадр комиссиясының жұмыс органының өкілін енгізе отырып, қызметтік тергеп-тексеру жүргізуді олардың құзыретіне сәйкес тиісті мемлекеттік органға не лауазымды адамға тапсыруы мүмкін.

51. Осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің теріс қылықтары бойынша қызметтік тергеп-тексерулер мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен тағайындалады және оларды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдары осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде және тәртіппен жүргізеді.

Қажет болған жағдайда мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган қызметтік тергеп-тексеру жүргізуді мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның өкілін қатыстыра отырып, сол мемлекеттік органның өзінің персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тапсыруы мүмкін.

52. Осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің теріс қылықтары бойынша қызметтік тергеп-тексерулер Әдеп жөніндегі кеңес төрағасының шешімімен тағайындалады және оның жұмыс органы оны Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізеді.

53. Қызметтік тергеп-тексерулер:

- 1) мемлекеттік әкімшілік қызметші еңбекке уақытша жарамсыз болған;
- 2) мемлекеттік әкімшілік қызметші демалыста немесе іссапарда болған;
- 3) мемлекеттік әкімшілік қызметші мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындаған уақытта оны өз лауазымдық міндеттерін орындаудан босатқан;
- 4) мемлекеттік әкімшілік қызметші даярлауда, қайта даярлауда, біліктілігін арттыру курстарында және тағылымдамада болған;
- 5) мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік теріс қылық жасағаны туралы мемлекеттік органдардың актілеріне ол сот тәртібімен шағым жасаған кезеңде, сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеруді тағайындауға негіз болып табылатын мәселе сот тәртібімен қаралған жағдайларда;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізілген төтенше жағдай ретінде түсінілетін еңсерілмейтін күш әсер еткен;
- 7) қызметтік тергеп-тексерулерді жүзеге асыруға қажетті материалдар мен ақпарат беру туралы сұрау салу мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға және өзге де субъектілерге жіберілген кезеңде тоқтатыла тұрады.

Қызметтік тергеп-тексеру уәкілетті адамның шешімімен тоқтатыла тұрады және қайта жалғастырылады.

Сайланбалы орган тағайындайтын мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қатысты қызметтік тергеп-тексеруді тоқтата тұру және қайта жалғастыру туралы шешімді осы сайланбалы органның хатшысы қабылдайды.

Уәкілетті адам төтенше жағдай енгізілген кезде қызметтік тергеп-тексеруді тоқтата тұру және қайта жалғастыру туралы шешімді оның қолданылу кезеңінде көзделген негізгі және уақытша шектеу шараларын ескере отырып қабылдайды.

54. Қызметтік тергеп-тексеру барысында персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не қызметтік тергеп-тексеруді жүргізу жүктелген адамдар өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан мемлекеттік әкімшілік қызметшіден жазбаша түсініктемені талап етеді, тәртіптік теріс қылықтың жасалу мән-жайларына және тергеп-тексерудің өзге де негіздеріне қатысты барлық материалдар мен мәліметтерді жан-жақты әрі толық жинайды.

Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адам өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізілген мемлекеттік әкімшілік қызметшіні қызметтік тергеп-тексеру материалдарымен таныстыруға тиіс.

Мемлекеттік әкімшілік қызметші жазбаша түсініктеме беруден немесе қызметтік тергеп-тексеру материалдарымен танысқанын өз қолын қойып растаудан бас тартқан жағдайда, персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) жұмыскерлері не қызметтік тергеп-тексеруді жүргізу жүктелген адамдар тиісті акт жасайды, ол қызметтік тергеп-тексеру материалдарына қоса тіркеледі.

Жинақталған материалдар тиісті уәжді қорытындымен бірге Комиссияның қарауына ұсынылады.

55. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижесінде мемлекеттік әкімшілік қызметші қылмыстық әрекет не әкімшілік құқық бұзушылық құрамының ықтимал белгілері бар әрекетке жол берді деген тұжырым жасалса, уәкілетті адам алынған материалдарды Комиссияның қарауына шығармай, құқық қорғау органдарына немесе өзге органдарға дереу береді.

Құқық қорғау органы мемлекеттік қызметшіге қатысты қылмыстық іс не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатқан жағдайда, бірақ оның әрекеттерінде тәртіптік теріс қылық белгілері бар болса, іс бойынша материалдар тиісті мемлекеттік органға жолданады.

4-тарау. Тәртіптік комиссияны қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

60. Комиссия уәкілетті адамның актісімен қалыптастырылады және мемлекеттік органның жұмыскерлері қатарынан құрылатын Комиссияның төрағасынан, мүшелерінен тұрады.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны, төрағаны қоса алғанда, тақ санды құрауға және Комиссия құрамы мемлекеттік органның түрлі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен тұруға тиіс.

Орталық атқарушы органдарда аппарат басшысы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның кемінде бес мүшеден тұратын құрамын жасақтайды, оның үштен екісі құрылымдық бөлімшелердің өкілдерінен, оның ішінде төрағадан тұруға тиіс. Комиссияның төрағасы Комиссияны құру туралы актіде айқындалады.

Штат саны елу бірліктен аз мемлекеттік органдар үшін үш мүшеден тұратын Комиссия қалыптастыруға жол беріледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сайланатын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жауаптылығын қарау үшін Комиссияның құрамына сондай-ақ мәслихат депутаттары мен жергілікті қоғамдастықтың өкілдері енгізіледі.

Персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) басшысы айқындайтын персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) өкілі не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адам Комиссияның хатшысы болып табылады. Комиссия жұмысының барлық материалдары персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) сақталады. Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатыспайды.

Мемлекеттік органдардың мемлекеттік саяси қызметшілер болып табылатын басшылары және олардың орынбасарлары, сондай-ақ уәкілетті адамдар Комиссияның құрамына кірмейді.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

61. Өзінің жақын туысы немесе жекжаты болып табылатын қызметшіге қатысты немесе Комиссия мүшесінің осы тергеп-тексеруге тікелей немесе жанама мүдделілігі болса, Комиссия мүшесі тәртіптік теріс қылыққа қатысты қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарауға және фактілерді зерттеуге қатыспайды.

Комиссия мүшесінде қызметтік тергеп-тексеру бойынша тікелей немесе жанама мүдделілік болған жағдайда, бұл туралы ол мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді лауазымға тағайындау және мемлекеттік лауазымнан босату құқығы бар лауазымды адамды дереу хабардар етуге міндетті.

62. Комиссия өз отырысында қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарайды және тәртіптік теріс қылыққа қатысты фактілерді зерттейді, өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізілген мемлекеттік әкімшілік қызметшінің және тергеп-тексеруді

жүргізген персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не уәкілетті лауазымды адамдар өкілдерінің түсініктемелерін тыңдайды. Комиссияның куәларды тыңдауға және теріс қылыққа қатысы бар кез келген фактілерді зерттеуге де құқығы бар.

Қажет болған жағдайда Комиссияның отырыстарын бейнеконференцбайланыс арқылы өткізуге болады.

Комиссия қызметтік тергеп-тексеру материалдарын тәртіптік жаза қолдану мерзімдерін ескере отырып, бес жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

62-1. Отырыс өткізілетін күнді Комиссияның төрағасы айқындайды, ол туралы персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адам Комиссия мүшелерін хабардар етеді.

Ескерту. 62-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

63. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адам Комиссия отырысы өткізілерден кемінде үш жұмыс күні бұрын мемлекеттік әкімшілік қызметшіге Комиссия отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарлауға тиіс.

Осы Қағидаларда тиісінше хабарлау деп мемлекеттік әкімшілік қызметшіге жұмыс орны бойынша хатпен не ол жұмыста болмаған жағдайда, оның өзіне немесе онымен бірге тұрып жатқан кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне тілхат алынып, табыс етілетін тапсырыс хатпен немесе жеделхатпен не хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып хабарлау танылады.

Тәртіптік жауаптылыққа тартылатын мемлекеттік әкімшілік қызметші қызметтік тергеп-тексеру кезінде өзінің мекенжайы, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі өзгерген жағдайда, бұл туралы персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адамға жазбаша хабарлайды.

Мұндай хабар болмаған жағдайда, хабарлау, шақыру соңғы белгілі мекенжайға, ұялы байланыстың абоненттік нөміріне жіберіледі және қызметші бұл мекенжайда енді тұрмаса да немесе болмаса да, осы ұялы байланыстың абоненттік нөмірін пайдаланбаса да, жеткізілді деп саналады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

64. Мемлекеттік әкімшілік қызметші Комиссияның отырысына қатысудан жазбаша түрде бас тарта алады.

Өзіне қатысты тәртіптік жауаптылық қаралып жатқан мемлекеттік әкімшілік қызметшінің болмауы, егер оған тиісінше хабарланған болса, Комиссияның

отырысында қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарауға кедергі болып табылмайды.

Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

65. Комиссия отырысы оған Комиссия мүшелерінің кемінде төрттен үші қатысса, құқықты болып саналады.

66. Қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарау кезінде Комиссия мынадай мәселелерді:

1) қызметшінің тәртіптік жауаптылығын қарау үшін негіз болып отырған нақты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алғанын-алмағанын;

2) бұл іс-әрекеттің (әрекетсіздіктің) теріс қылық болып табылатынын-табылмайтынын және ол Қазақстан Республикасының қандай заңнамасы нормаларын бұза отырып жасалғанын;

3) мемлекеттік әкімшілік қызметші осы тәртіптік теріс қылықты жасағанын-жасамағанын;

4) мемлекеттік әкімшілік қызметшінің осы теріс қылықты жасауда кінәсі байқалатынын-байқалмайтынын;

5) мемлекеттік әкімшілік қызметшіні тәртіптік жауаптылыққа тарту мерзімдерінің сақталғанын-сақталмағанын;

6) мемлекеттік әкімшілік қызметші қызметтік тергеп-тексеру материалдарымен танысқанын-таныспағанын;

7) мемлекеттік әкімшілік қызметшіге қатысты тәртіптік жазаның қандай түрін белгілеу ұсынылатынын-ұсынылмайтынын;

8) осы Қағидалардың 32-тармағында көзделген өзге де мән-жайларды шешеді.

67. Комиссия отырысының қорытындысы осы Қағидалардың 66-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша Комиссияның шешімдері тіркелетін хаттама түрінде ресімделеді. Хаттама отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ресімделеді және оған Комиссияның төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды, содан кейін персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адам өзіне қатысты тәртіптік жауаптылық мәселесі қаралған қызметшіге таныстырады.

Тәртіптік жауаптылық мәселелерін қарау мемлекеттік құпияларды қозғайтын жағдайларды қоспағанда, отырыс барысы техникалық бейнежазу құралдарының көмегімен тіркеледі. Хаттамаға отырыстың дәлжазбасы қоса берілуі мүмкін. Тәртіптік жауаптылық мәселелерін қарау мемлекеттік құпияларды қозғайтын жағдайларды қоспағанда, отырыс уақытында мемлекеттік әкімшілік қызметші техникалық жазу құралдарын да пайдалана алады. Техникалық жазу құралдарын пайдалану тәртіптік комиссия отырысының өтуіне кедергі келтірмеуге тиіс.

Бұл ретте отырысқа қатысушылар мен Комиссия мүшелері бейнежазумен қамтылады.

Комиссия отырысының хаттамасында Комиссияның техникалық бейнежазу құралдарын қолданғаны туралы белгі жасалады.

Техникалық бейнежазу құралдарының көмегімен тіркелген материалдар Комиссия отырысы аяқталған кезден бастап кемінде бес жыл персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адамда сақталады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

68. Комиссия ұсынымдары ашық дауыс беру жолымен қабылданады және уәкілетті адамға жіберіледі. Комиссия мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қалмайды және отырыстарға алмасу құқығынсыз қатысады.

Комиссияның қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді.

Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің даусы шешуші болады.

Ескерту. 68-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 05.10.2016 № 349 Жарлығымен.

69. Көпшіліктің шешімімен келіспеген Комиссия мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде білдіре алады, оны Комиссия төрағасына ұсынады және оны Комиссия отырысының хаттамасына тіркейді.

70. Тәртіптік теріс қылық жасалғанын растайтын фактілер болған жағдайда, Комиссия жаза қолданудың орындылығы мен оның түрі туралы уәкілетті адамға ұсыным береді.

Жеткілікті негіздер болған жағдайда, Комиссия ұсынымдарда қызметшінің тәртіптік жауаптылығын қарау барысында белгіленген заң бұзушылық фактілерін, теріс қылықтың жасалуына ықпал еткен себептер мен шарттарды және қабылдау үшін қажет шараларды көрсетеді.

71. Комиссия өз жұмысында мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жұмысы туралы есептер береді.

5-тарау. Тәртіптік жазаларды қолдану тәртібі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

71-1. Уәкілетті адамға мемлекеттік қызметшінің теріс қылық жасағаны жөнінде белгілі болған күн тәртіптік теріс қылықтың анықталған күні болып саналады.

Ескерту. 71-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

72. Уәкілетті адам Комиссияның тәртіптік жаза қолдану туралы ұсынымы келіп түскен күннен бастап жазаны қолдану мерзімдерінің шегінде, бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) тиісті тәртіптік жазаны қолданады;

2) тәртіптік жазаны қолдану мерзімдерінің шегінде қосымша қызметтік тергеп-тексеруді тағайындайды және материалдарды қосымша қызметтік тергеп-тексеруге жібереді;

3) тәртіптік жазаны қолданбайды.

Сайланбалы орган тағайындайтын мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қатысты шешімді осы сайланбалы орган қабылдайды.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

72-1. Осы Қағидалардың 26-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік әкімшілік қызметшіге тәртіптік жазаны мемлекеттік органның уәкілетті адамы соңғы атқаратын лауазымы бойынша тәртіптік жаза қолдану мерзімдері шегінде қолданады.

Ескерту. 72-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

72-2. Уәкілетті адам басқа мемлекеттік органнан берілген қызметтік тергеп-тексеру материалдарын және Комиссияның мемлекеттік әкімшілік қызметшінің алдыңғы мемлекеттік лауазымдағы тәртіптік теріс қылықтары бойынша тәртіптік жаза қолдану туралы ұсынымдарын қараған кезде материалдар қосымша қызметтік тергеп-тексеруге жіберілмейді.

Ескерту. 72-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

73. Қосымша қызметтік тергеп-тексеру материалдарын өзге құрамдағы Комиссия қарайды.

74. Тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адам жаза қолдану туралы акт шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазаға ұшыраған адамға қолданылған тәртіптік жаза туралы қолын қойдыра отырып хабарлайды. Жазаға ұшыраған адам өзінің танысқанын қолын қойып растаудан бас тартқан жағдайда, жаза қолдану туралы актіге бұл туралы тиісті жазба жасалады не акті жасалады.

Жаза қолданылған адамды тәртіптік жаза қолдану туралы актімен таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) оған актінің көшірмесін хабарламалы хатпен жолдайды.

Ескерту. 74-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

75. Мемлекеттік әкімшілік қызметшіге қатысты қолданылған тәртіптік жаза тиісті мемлекеттік органның отырысында, оның алқасында немесе осы жазаны қолданған уәкілетті адам айқындайтын қызметшілердің қатысуымен жариялануы мүмкін.

76. Алып тасталды – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

77. Тәртіптік жаза уәкілетті адамның бұйрықтарын, өкімдерін шығару арқылы қолданылады.

78. Тәртіптік жаза қолдану туралы актіде жаза қолданылатын адам, жасағаны үшін жаза қолданылып отырған теріс қылық және жазаның түрі көрсетіледі.

79. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) тәртіптік жаза қолдану туралы актіні тәртіптік жауаптылыққа тартылатын мемлекеттік әкімшілік қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің тікелей басшысына және мемлекеттік органның басшылығына танысу үшін жолдайды.

80. Алынбаған тәртіптік жазалар туралы мәліметтер мен актілерді мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қызметшінің қызметтік тізіміне енгізу арқылы есепке алуға тиіс.

Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды жасаған қызметшілерге уәкілетті адам қолданған жазалар туралы мәліметтерді персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға міндетті түрде табыс етуге тиіс.

81. Егер мемлекеттік әкімшілік қызметші жаза қолданылған күннен бастап алты ай ішінде жаңа тәртіптік жазаға ұшырамаса, онда оның тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

82. Егер мемлекеттік әкімшілік қызметші жаңа теріс қылық жасамаса және бұл ретте өзін адал жұмыскер ретінде көрсетсе, тәртіптік жаза алты ай өткенге дейін алынуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметшіде алынбаған екі тәртіптік жаза болған кезде, оларды алу жаза қолдану хронологиясына сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшіден лауазымын төмендету түріндегі жазаны алу оның бұрын атқарған лауазымына қайта орналасуына алып келмейді.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

83. Мемлекеттік қызмет тоқтатылған күнге дейін алынбаған тәртіптік жаза мемлекеттік әкімшілік қызметші мемлекеттік қызметті тоқтатқан күннен бастап алынған болып есептеледі.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

84. Осы Қағидалардың 86-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, Ұлттық комиссияның, Өңірлік кадр комиссиясының, Әдеп жөніндегі комиссияның, Әдеп жөніндегі кеңестің немесе Комиссияның ұсынымы бойынша қолданылған тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алуды оны қолданған уәкілетті адам тиісінше Ұлттық комиссияның, Әдеп жөніндегі комиссияның, Өңірлік кадр комиссиясының, Әдеп жөніндегі кеңестің немесе Комиссияның келісімімен жүргізеді.

Сайланбалы орган тағайындайтын мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қатысты тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алу туралы шешімді осы сайланбалы орган қабылдайды.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

85. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу үшін жаза қолданылған мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тікелей басшысы уәкілетті адамға тиісті ұсыныс енгізеді.

Егер тікелей басшы уәкілетті адам болып табылса, тиісті ұсынысты персоналды басқару қызметі енгізеді.

Жаза қолданған уәкілетті адам ұсынысты алған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

86. Алып тасталды – ҚР Президентінің 02.05.2025 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

87. Алып тасталды - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

88. Мемлекеттік әкімшілік қызметшіден бір мезгілде бір ғана жаза алынуы мүмкін.

6-тарау. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту кезіндегі олардың құқықтық кепілдіктері

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

89. Мемлекеттік әкімшілік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартуға байланысты барлық материалдармен таныстырылуға тиіс, оған қызметтік тергеп-тексеру рәсіміне жеке қатысу құқығы беріледі.

Теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылатын мемлекеттік әкімшілік қызметшінің өз өкілі болуы мүмкін.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

90. Шағымды үстінен шағым берілген уәкілетті адамға қарауға беруге тыйым салынады.

91. Тәртіптік жаза қолдану туралы шешімге шағымдану оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 152 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

"Б" корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен, ауысу тәртібімен орналасу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 13.11.2020 № 447 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Осы "Б" корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен, ауысу тәртібімен орналасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленді және "Б" корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына ауысу тәртібімен орналасу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 31.12.2022 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген жағдайлардан бөлек, мемлекеттік лауазымға ауысу тәртібімен орналасу:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Құрылтайы Аппаратының және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, сондай-ақ осы мемлекеттік органдардан басқа мемлекеттік органдарға;

1-1) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Құрылтайы Аппаратының және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының мемлекеттік саяси лауазымдарынан "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік органдардың ішінде;

3) мемлекеттік органның ішінде бір санаттағы лауазымға;

4) мемлекеттік қызметші осы мемлекеттік органда кемінде соңғы екі жыл келесі төмен тұрған санаттағы лауазымды атқарған жағдайда мемлекеттік органның ішінде жоғары тұрған санаттағы лауазымға;

5) мемлекеттік органның ішінде "Б" корпусы қызметшісінің қызметін бағалау нәтижесінің мәні қатарынан төрт тоқсан бойы "функционалдық міндеттерді тиімді орындайды" болған кезде келесі жоғары тұрған санаттағы лауазымға жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

3. Мемлекеттік қызметшіде қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде, оның "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына ауысу тәртібімен орналасуына жол берілмейді.

4. Мемлекеттік қызметшіні ротациялау жүзеге асырылған оның бұрынғы лауазымына ауысу тәртібімен тағайындауға ол басқа мемлекеттік лауазымға ротацияланған күннен бастап бір жыл ішінде жол берілмейді.

Ескерту. Қағида 4-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 03.09.2021 № 651 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2016 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 152 Жарлығымен
бекітілген

**Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақысын белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 152 Жарлығына
ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір жарлықтарының
ТІЗБЕСІ**

1. "Мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 317 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 559-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшісі антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің ант беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 319 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 561-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы № 321 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 562-құжат).

4. "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 1, 1-құжат).

5. "Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы № 357 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 15, 141-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік саяси қызметшісі антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік саяси қызметшілерінің ант беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі № 372 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 19, 200-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 22 мамырдағы № 401 Жарлығы.

8. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 9 қазандағы № 459 Жарлығы.

9. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 11 мамырдағы № 605 Жарлығының 1-тармағының 1), 3) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 18, 222-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы № 2019 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 13 қарашадағы № 720 Жарлығының 1-тармағының 3), 5) тармақшалары.

11. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 21

маусымдағы № 895 Жарлығының 1-тармағының 2), 3) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 18, 196-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 24 қыркүйектегі № 951 Жарлығының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 32, 339-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 1071 Жарлығының 1-тармағының 2), 3) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 15, 149-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы № 1094 Жарлығының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 20, 201-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы № 357 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 наурыздағы № 1322 Жарлығының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 14, 172-құжат).

16. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 7 мамырдағы № 1362 Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 21, 265-құжат).

17. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 3 тамыздағы № 1415 Жарлығының 1-тармағының 1) тармақшасы.

18. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 7 қыркүйектегі № 1435 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 33, 439-құжат).

19. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 37, 483-құжат).

20. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 наурыздағы № 1528 Жарлығы.

21. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы тәртіптік кеңестері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір

жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 1598 Жарлығының 3-тармағының 3), 4), 5) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 27, 329-құжат).

22. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі № 1611 Жарлығының 2-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 29, 362-құжат).

23. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 13 шілдедегі № 1614 Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 30, 380-құжат).

24. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы № 131 Жарлығының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 23, 229-құжат).

25. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 қарашадағы № 446 Жарлығының 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 43, 499-құжат).

26. "Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501 Жарлығының 5-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 49, 599-құжат).

27. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 1157 Жарлығының 1-тармағының 1), 2) тармақшалары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 19, 229-құжат).

28. "Өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 мамырдағы № 67 Жарлығының 6-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 37, 438-құжат).

29. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 435 Жарлығының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 80, 1178-құжат).

30. "Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 523 Жарлығының 4-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 19, 320-құжат).

31. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 наурыздағы № 526 Жарлығының 1-тармағы 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 20, 331-құжат).

32. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 наурыздағы № 527 Жарлығының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 21, 339-құжат).

33. "Мемлекеттік әкімшілік қызметші антының мәтінін және Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің ант беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 319 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілері антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік саяси қызметшілерінің ант беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі № 372 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 шілдедегі № 601 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 40, 574-құжат).

34. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 16 тамыздағы № 616 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1, 2-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 45, 658-құжат).

35. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 623 Жарлығының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 50, 689-құжат).

36. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 21 қарашадағы № 697 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1, 2-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 68, 905-құжат).

37. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне ротация жүргізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 721 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 1, 1-құжат).

38. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 814

Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 32, 279-құжат).

39. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4, 5-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 54, 532-құжат).

40. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 94 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.